Қазақстан Республикасы
ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙІ

МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 3 (114)

Астана
2026

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – саяси ғылымдар кандидаты, алқа төрағасы (Қазақстан)

ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы – алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы – ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

АЯҒАН Бүркітбай Гелманұлы – ҚР ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері (Қазақстан)

ОҢҒАРҰЛЫ Ақан – тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор (Қазақстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Өзбекстан)

ЦЗИ Сяофен – PhD докторы (Қытай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD докторы (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD докторы (АҚШ)

ОУТРАМ Алан – PhD докторы (Ұлыбритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD докторы (Венгрия)

ӘБДУАҚАП Қара – PhD докторы (Түркия)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, PhD докторы (Ресей Федерациясы)

АҒАТАЙ Өткірбай Мылтықбайұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырұлы – PhD докторы (Қазақстан)

ИСКАКОВ Қуаныш Алдабергенұлы – PhD докторы (Қазақстан)

EDITORIAL BOARD:

Berik Abdygaliuly	– candidate of Political Science (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)
Akmaral Ibrayeva	– deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)
Zhaken Taimagambetov	– academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Zainolla Samashev	– doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)
Ayagan Burkitbay	– Honorary Academician of the NAS RK, doctor of Historical Sciences, Professor, Honored Worker of RK (Kazakhstan)
Ongaruly Akan	– candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)
Umitkaliev Ulan	– candidate of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)
Ismailova Zhanat	– doctor of Historical Sciences, Professor (Uzbekistan)
Ji Xiaofen	– PhD (China)
Wolfram Sabine	– PhD (Germany)
Gil Stein	– PhD (USA)
Alan Outram	– PhD (UK)
Somfai Istvan	– PhD (Hungary)
Abdulvahap Kara	– PhD (Turkey)
Davydov Vladimir	– candidate of Sociological Sciences, PhD (Russian Federation)
Agatay Otkirbay	– PhD (Kazakhstan)
Duvanbekov Ruslan	– PhD (Kazakhstan)
Iskakov Kuanysh	– PhD (Kazakhstan)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

ӘБДІҒАЛИҰЛЫ Берік – кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

ИБРАЕВА Акмарал Госмановна – заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожахметович – академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

САМАШЕВ Зайнолла Самашевич – доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

АЯГАН Буркитбай Гелманулы – Почетный академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор, Заслуженный деятель РК (Казахстан)

ОНГАРУЛЫ Акан – кандидат исторических наук (Казахстан)

УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич – кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

ИСМАИЛОВА Жанат Хамидовна – доктор исторических наук, профессор (Узбекистан)

ЦЗИ Сяофен – PhD доктор (Китай)

ВОЛЬФРАМ Сабине – PhD доктор (Германия)

ШТЕЙН Гил – PhD доктор (США)

ОУТРАМ Алан – PhD доктор (Великобритания)

ШОМФАЙ Иштван – PhD доктор (Венгрия)

КАРА Абдуакап – PhD доктор (Турция)

ДАВЫДОВ Владимир Николаевич – кандидат социологических наук, PhD доктор (Российская Федерация)

АГАТАЙ Уткирбай Мылтыкбайулы – PhD доктор (Казахстан)

ДУВАНБЕКОВ Руслан Сабырулы – PhD доктор (Казахстан)

ИСКАКОВ Куаныш Алдабергенович – PhD доктор (Казахстан)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Музей ісі / Museology / Музейное дело

Yang Hanlin Familiar difference: object selection, visual display, and aesthetic translation of Splendid Silk in Kazakhstan
Янг Ханлин Өзгедегі таныс бейне: Қазақстандағы «Керемет жібек» көрмесінің нысандарын іріктеу, визуалдық экспозиция және эстетикалық трансляция
Янг Ханлин Знакомое в ином: отбор объектов, визуальная экспозиция и эстетическая трансляция выставки «Великолепный шёлк» в Казахстане..... 8

Абильдаева Л.О. Музейдегі бейнелеу өнері коллекциясындағы қазақтың тұрмысы мен мәдениеті: Әбілхан Қастеевтің туындылары негізінде
Абильдаева Л.О. Быт и культура казахского народа в коллекции изобразительного искусства музея (на основе произведений Абылхана Кастеева)
Abildayeva L.O. Kazakh everyday life and culture in the museum's fine art collection (based on the works of Abilkhan Kasteev)..... 18

Мукашева Г.К. Сундук, связанный с купеческой династией Кубриных: история происхождения и бытования музейного предмета
Мукашева Г.К. Көпес Кубриндер әулетімен байланысты қаңылтырмен қапталған сандық: музейлік заттың шығу тарихы және тұрмыста қолданылуы
Mukasheva G.K. Forged metal chest associated with the Kubrin merchant dynasty: the history of the museum object and its use in everyday life..... 37

Археология / Archaeology / Археология

Ярыгин С.А., Сакенов С.К., Нускабай А.А. Кельтообразный молоток с поселения Атшубар
Ярыгин С.А., Сакенов С.Қ., Нұсқабай Ә.А. Атшұбар қонысынан табылған кельт тәрізді балға
Yarygin S. A., Sakenov S. K., Nuskabay A.A. A celt-shaped hammer from the Atshubar settlement..... 53

Дүйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мұсырманқұл П.Б., Касымханова Т.Б., Қасенәлі А.Е. Жүкей қорымындағы археологиялық зерттеулердің нәтижелері
Дуйсенбай Д.Б., Надыров Ж.О., Мусырманкул П.Б., Касымханова Т.Б., Касенали А.Е. Результаты археологических исследований на могильнике Жукей
Duisenbay D.B., Nadyrov Zh.O., Musyrmankul P.B., Kassymkhanova T.B., Kassenali A.E. Results of archaeological research at the Zhukey burial ground..... 66

Utubayev Zh., Suyundikova M., Shagirbayev M., Akkaliyeva A. Egistik mausoleum: ritual rites and traditions of sacrifice
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шағырбаев М.С., Аққалиева А.Ш. Егістік кесенесі: ғұрыптық жоралғылар мен құрбандық шалу дәстүрі
Утубаев Ж.Р., Суюндикова М.К., Шагирбаев М.С., Аккалиева А.Ш. Мавзолей Егистик: обрядность и практика жертвоприношения..... 82

Шашенов Д.Т., Есен С.Г. Жанисов А.Т. Жиенбай қыстауында жүргізілген зерттеу нәтижелері
Шашенов Д.Т., Есен С.Г., Жанисов А.Т. Результаты исследования зимовки Жиенбай
Shashenov D.T., Yessen S.G., Zhanisov A.T. The results of a study of the Zhienbai wintering site..... 97

Хасенова Б.М. Архитектура погребальных сооружений населения Кимекского каганата
Хасенова Б.М. Қимақ қағанаты халқының жерлеу ескерткіштерінің сәулеттік ерекшеліктері
Khassenova B.M. Architecture of funerary buildings of the Kimek khaganate people.....110

Билялова Г.Д. Мавзолеи Сарыарки XIII–XV вв.: история изучения и новые археологические данные

Білəлова Г.Д. Сарыарқаның XIII–XV ҒҒ. кесенелері: зерттелу тарихы және жаңа археологиялық деректер
Bilyalova G.D. The mausoleums of Saryarka (13th–15th centuries): history of research and new archaeological evidence..... 122

Молдахмет А.А., Елеуов М., Валиулина С.И., Құрманиязов Ы.С. Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы ортағасырлық шыны бұйымдары: құрамы, технологиясы және археологиялық маңызы
Молдахмет А.А, Елеуов М., Валиулина С.И., Курманиязов Ы.С. Средневековые стеклянные изделия нижнего течения реки Сырдарьи: состав, технология и археологическое значение
Moldakhmet A.A., Eleuov M., Valiulina S.I., Kurmaniyazov Y.S. Medieval glass objects from the lower Syr Darya: composition, technology, and archaeological significance..... 139

Камалдинов И., Буранбаев Р., Нұрғали Н., Арынов Қ. Сүткент қаласын археологиялық зерттеудің жаңа нәтижелері (2025 ж. материалдар бойынша)
Камалдинов И., Буранбаев Р., Нургали Н., Арынов К. Новые результаты археологических исследований на городище Сюткент (по материалам 2025 г.)
Kamaldinov I., Buranbayev R., Nurgali N., Arynov K. New results of archaeological research at the Syutkent settlement (based on 2025 data)..... 160

Сыдығалиев С.М., Кунанбаева Ш.Б. Системы жизнеобеспечения населения поздней бронзы Северного Казахстана: палеоэкологическая реконструкция
Сыдығалиев С.М., Құнанбаева Ш.Б. Солтүстік Қазақстанның кейінгі қола дәуіріндегі халықтың тіршілікті қамтамасыз ету жүйелері: палеоэкологиялық қайта құрылымдау
Sydygaliyev S.M., Kunanbayeva Sh.B. Subsistence systems of the Late Bronze Age population of Northern Kazakhstan: a paleoecological reconstruction..... 176

Этнология / Ethnology / Этнология

Смағұлов Б.Қ., Әшім Б.Ә. Г.Е. Катанаевтың материалдары мен еңбектеріндегі қазақ халқының этнографиясы жөнінде мәліметтер
Смагулов Б.К., Ашим Б.А. Сведения по этнографии казахского народа в материалах и трудах Г.Е. Катанаева
Smagulov B.K., Ashim B.A. Information on the ethnography of the kazakh people in the materials and works of G.E. Katanaev..... 196

Кошман Т.В., Ғайса А.М. Некрополь Ахметаул в Центральном Казахстане: мемориализация потомков Қоңыр-Құлжа төре в XIX–XXI вв.
Кошман Т.В., Ғайса А.М. Орталық Қазақстандағы Ахметаул қорымы: XIX–XXI ғасырлардағы Қоңыр-Құлжа төре ұрпақтарының мемориалдандыру дәстүрі
Koshman T.V., Gaisa A.M. Ahmetaul Necropolis in Central Kazakhstan: the memorialization of the descendants of Konyr-Kulzha tore in the 19th–21st centuries..... 209

Маулет А., Нұрдаулет П., Камунов С. Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасын инвентаризациялау: кейбір ұлттық тағам дәстүрлері
Маулет А., Нурдаулет П., Камунов С. Инвентаризация нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области: некоторые традиции национальной кухни
Maulet A., Nurdaulet P., Kamunov S. Inventory of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region: selected traditions of national cuisine..... 220

Жалелов Д.С. Қазақ жыраулық және түрік ашықтық дәстүрі: этномәдени сабақтастықтың этнологиялық қырлары

Жалелов Д.С. Казахская традиция жырау и турецкая традиция ашиков: этнологические аспекты этнокультурной преемственности
Zhalelov D.S. The Kazakh Zhyrau and Turkish Aşik traditions: ethnological dimensions of ethnocultural continuity..... 238

Мейрманова Г.А., Егізбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Қазақ балаларының дәстүрлі ойындары мен ойыншықтарының мәдени мұрадағы сабақтастығы
Мейрманова Г.А., Егизбаева М.К., Терекбаева Ж.М. Преемственность традиционных игр и игрушек казахских детей в культурном наследии
Meyrmanova G.A., Yegizbayeva M.K., Terekbayeva Zh.M. Continuity of traditional games and toys of Kazakh children in cultural heritage..... 250

Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Иран қазақтарының үйленуге дейінгі рәсімдері: диаспора жағдайындағы мәдени сабақтастық
Жуандыкова А.Д., Искаков К.А. Предсвадебные обряды казахов в Иране: культурная преемственность в условиях диаспоры
Zhuandykova A.D., Iskakov K.A. Pre-wedding rituals of Kazakhs in Iran: cultural continuity in the context of the diaspora..... 264

Тарих / History / История

Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Ясауи кесенесіне тиесілі болған тарихи-мәдени мұралар
Тастанбеков М.М., Сандыбаева А.Д. Историко-культурные ценности мавзолея Ясави
Tastanbekov M., Sandybayeva A. Historical and cultural heritage of the Yasawi Mausoleum..... 274

Порсин А.А., Ағатай Ө.М. Хан Жәнібек әскерінің 1346 жылы Каффада оба індеті өршіген кездегі іс-әрекеттері
Порсин А.А., Агатай У.М. Действия армии хана Джанибека во время вспышки чумы в Каффе в 1346 г
Porsin A.A., Agatay O.M. The actions of khan Janibeg's army during the plague outbreak in Caffa in 1346..... 295

ҒТАМР 03.61.91 https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.15

Маулет А.[1], *Нұрдаулет П.[2], Камунов С.[1]
[1]Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Астана, Қазақстан
[2]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
e-mail: mr.ardabi@mail.ru

АҚТӨБЕ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС МӘДЕНИ МҰРАСЫН ИНВЕНТАРИЗАЦИЯЛАУ: КЕЙБІР ҰЛТТЫҚ ТАҒАМ ДӘСТҮРЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасын кешенді жинақтау арқылы ұрпақтар сабақтастығын сақтау мәселелері этнографиялық экспедиция материалдары негізінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасын кешенді инвентаризациялау, ғылыми зерделеу, жүйелеу арқылы оның қазіргі ұрпақ сабақтастығы мен маңызын айқындау. Сонымен қатар өңірдегі материалдық емес мәдени мұраны сақтаушы жекелеген мұрагерлер мен қоғамдастықтардың мұраны сақтау мен кейінгі ұрпаққа жеткізудегі рөлін айқындау, мұра иелерінің тәжірибесін тіркеу және алынған деректер негізінде Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасының өңірлік ерекшеліктерін ғылыми айналымға енгізу көзделеді.

Зерттеуде Ақтөбе облысының елді мекендерінде кешенді экспедиция жүргізе отырып, Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізіміне енген 79 элемент пен ЮНЕСКО-ның қорғауына алынған 14 элемент бойынша материалдық емес мәдени мұра үлгілері анықталып, ұлттық және өңірлік деңгейде бірнеше ұлттық тізім құжатталды. Экспедиция барысында этнографиялық материалды жинауды бақылау, сұхбат алу, ауызша және заттық деректерді анықтау және бекіту, деректерді өңдеу әдістері пайдаланылды. Зерттеу нәтижесінде алғаш рет Ақтөбе өңірінде материалдық емес мәдени мұра элементтері мен оларды сақтаушы мұрагерлердің өңірлік тізімі толық жасалып, алдағы уақытта Қазақстан Республикасының материалдық емес мәдени мұрасының ұлттық тізімін толықтыруға ұсынылатын бірнеше жаңа элементтер анықталды. Сондай-ақ, өңірге тән кейбір ұлттық тағам түрлерінің дайындалу ерекшеліктері айқындалды.

Кілт сөздер: Ақтөбе қазақтары, этнографиялық экспедиция, материалдық емес мәдени мұра, инвентаризация, тары, нан пісіру мәдениеті, мұра тасымалдаушы, ұлттық тағам дәстүрлері.

Дәйексөз үшін: Маулет А., Нұрдаулет П., Камунов С. Ақтөбе қазақтарының материалдық емес мәдени мұрасын инвентаризациялау: кейбір ұлттық тағам дәстүрлері // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). бб.220-237(қаз.)

DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.15

Кіріспе

2003 жылғы 17 қазанда Парижде жасалған «Материалдық емес мәдени мұраны қорғау» туралы конвенцияны Қазақстан 2011 жылы 21 желтоқсанда ратификациялады. Конвенцияның негізгі мақсаты – материалдық емес мәдени мұраны сақтау, қоғамдастықтардың, топтар мен жеке тұлғалардың дәстүрлеріне құрметпен қарау, оның маңыздылығы туралы барлық деңгейде хабар таратуды арттыру, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастықты дамыту және қолдау көрсету. Конвенцияны ратификациялау арқылы Қазақстан оның мақсаттарына жету үшін бірқатар міндеттемелерді қабылдап, тиісті шараларды жүзеге асыруға келісті. Қазақстанның қатысушы мемлекет ретіндегі басты міндеті – ел аумағында бар материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі жалпы шараларды қабылдау және халыққа мәдени мұраның

жекелеген элементтерін сақтауға мүмкіндік беру, сонымен қатар оны насихаттау және қолдау көрсету (Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ға ақпараттық-анықтамалық каталогі, 2024: 13–14).

Осы халықаралық міндеттемелерді ескере отырып, облыс аумағындағы материалдық емес мәдени мұраны жинау, сақтау мақсатында Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мемлекеттік мекемесі Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының «Ақтөбе облысы аумағында сақталған қазақ халқының материалдық емес мәдени мұраларын жинау, зерттеу, сақтау және дәріптеу» жобасы аясында облыстың 12 ауданы бойынша кешенді этнографиялық ғылыми экспедиция ұйымдастырылды. Зерттеу жұмысының мақсаты – ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енген 14 элемент пен ҚР-ның Ұлттық тізіміне енген 79 элемент бойынша инвентаризациялау жұмыстарын кешенді жүргізу арқылы, Ақтөбе облысы аумағындағы мұра элементтері мен оларды жалғастырушылар туралы деректерді біріздендіру, жүйелеу, қорғау және ғылыми айналымға енгізу.

Өңірде зерттеу нысаны болған материалдық емес мәдени мұра элементтерін өңірлік деңгейде кешенді инвентаризациялау, жүйелеу, ғылыми құжаттау жеткілікті дәрежеде қалыптаспаған. Мұндай жағдайда облыстағы МЕММ элементтерінің сақталу деңгейі, жоғалу қаупі төнген элементтердің дер кезінде анықталмауы, мұраны жалғастырушылар арқылы ұрпаққа берілу тетіктерінің айқындалмауы сияқты мәселелер шешімін таппай, мұра элементтерін түгендеу, анықтау, ғылыми сараптау және олардың өміршеңдігін бағалау қажеттілігі туындайды. Бұл зерттеу облыста сақталған МЕММ элементтері мен оларды тасымалдаушы мұрагерлерді түгендеу, элементтердің тарихи-мәдени ерекшеліктері мен таралу аймағын, өміршеңдігі мен жоғалу қаупі төнген-төнбегені туралы жай-күйін анықтау секілді міндеттерді ала отырып, зерттеудің нәтижесінде өңірдің МЕММ-нің ғылыми деректері толықтырылып, мұраны қорғау, сақтау, келешек ұрпаққа жалғау мәселелері ғылыми негізделіп, ұсыныстар әзірленеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің деректік негізін Ақтөбе облысының елді мекендеріне жүргізілген кешенді этнографиялық экспедиция материалдары құрайды. Атап айтқанда, облыстың 12 ауданы (Алға, Мұғалжар, Шалқар, Ырғыз, Темір, Байғанин, Ойыл, Қобда, Мәртөк, Қарғалы, Хромтау, Әйтеке би аудандары) бойынша халқымыздың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүріне қатысты білімдер мен дағдылары, музыкалық фольклор, ұлттық ойындар, сүттен және дәнді дақылдардан ұлттық тағам дайындау, тері өңдеу, дәстүрлі аңшылық, ағаш өңдеу өнері, ұсталық өнері, қазақ дәстүрлі медицинасы, өңірлік сипатқа тән ырым-тыйымдар т.б. рухани мұра элементтерінің қазіргі жай-күйі мен ұрпақ сабақтастығын зерттеу материалы ретінде қарастырылды.

Ақтөбе облысындағы материалдық емес мәдени мұраны инвентаризациялау жұмыстарының нәтижесінде облыстың 12 ауданы көлемінде кешенді жинау, сақтау жұмыстарын жүргізу мақсат етілді. Облыста инвентаризация жұмыстары 109 ауылдық елді мекен мен 7 қалада жүрді.

Әйтеке би ауданында (18), Алға ауданы бойынша (6 ауыл, 1 қала), Байғанин ауданында (17), Қарғалы ауданында (5), Қобда ауданында (6), Мәртөк ауданында (8), Мұғалжар ауданында (11 ауыл, 3 қала), Ойыл ауданында (12), Темір ауданында (7), Ырғыз ауданында (6), Шалқар ауданында (9 ауыл, 1 қала), Хромтау ауданында (4 ауыл, 1 қала) және Ақтөбе қаласында (1 қала) сияқты ауылдық елді мекендер мен қалаларда құжаттау жұмысы жүргізілді.

Аталған елді мекендер бойынша МЕММ-нің әр бағыты бойынша 250-ден астам жеке тасымалдаушы мен 10-ға жуық қоғамдастық аудио, видео, фото форматта құжатталды. Құжаттау жұмыстарында:

- сақтаушылар мен қоғамдастықтардың байланыс деректерін жинау формасы;
- элементті түгендеу картасы;
- ұлттық тізімге және ЮНЕСКО-ға енген элементтер немесе жаңа табылған элементтер тізімі;
- инвентаризация кестесі;
- ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау жөніндегі Жаһандық нәтижелер негіздемесіндегі (Global Results Framework) және ІСН-10 есеп беру нысанының С бөліміндегі С1–С7 көрсеткіші (UNESCO, 2024) бойынша жұмыстар жүргізілді.

Зерттеу барысында орындаушылық өнер мен

қолөнердің және ұлттық тағам жасаудың ұлттық және ішінара өңірлік сипатқа тән әдіс-тәсілдері мен ерекшеліктерін практикалық тұрғыдан көрсету, әр элементті «жаңды мұра» ретінде жалғастырушының қатысуында көрсету барысы нақтыланып, құжатталды. Бұл әр элементтің өңірлік сипатқа тән қолданыста болуын айғақтай отырып, ұрпаққа жалғасқан тәжірибелік ерекшеліктері салыстырмалы талдау нысанына айналды.

Бұл тақырыпқа қатысты бұрынғы зерттеулерге шолу жасағанда, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерімен қатар бұрын Ақтөбе облысына жасалған экспедиция материалдарын айтуға болады. Мысалы, Ақтөбе өңірі қазақтарының музыкалық фольклоры мен этнографиялық құндылықтарының зерттелуіне елеулі үлес қосқан академик А. Жұбанов, А.В. Затаевич және Д.Д. Букинич, Р.А. Бекназаров, Ә. Байгаскина, Р. Құспанова, М. Байғанин, А. Серікбаева, Ә. Нұрбаев, Н. Қыдыршина, Б. Аманов, А. Құнанбаева т.б. зерттеушілердің еңбектері мен экспедиция материалдары бар.

Зерттеу барысында сипаттау, талдау және синтез сияқты жалпығылыми, сонымен қатар тарихи-салыстырмалы арнайы ғылыми әдістер қолданылды. Этнографиялық экспедицияны ұйымдастыру барысында этнографиялық материалды жинау әдістері (бақылау, сұхбат алу, ауызша және заттық деректерді анықтау және бекіту, деректерді өңдеу) пайдаланылды. Бақылау әдісі – элементтің табиғи ортада қалай жасалатынын немесе орындалатынын бақылау немесе анықтау. Мысалы, ұлттық тағам дайындау барысы, қолөнер бұйымдарын жасау техникасы, орындаушылық өнердің немесе салт-жоралардың орындалуын бақылау. Сұхбат алуда тасымалдаушының аты-жөні, туған ай-күні, руы, туған және тұрып жатқан жерінен бастап, ұстанып отырған мұраның кімнен, қалай берілгені, қазіргі жай-күйі, мемлекеттік қолдаудың бар-жоғына дейін еркін сұхбат жасалады. Ауызша және заттық деректерді анықтау және бекітуде жазба деректерде кездеспеген деректерді аңыз-әңгімелер, шежіре, ел мен жердің тарихына қатысты аңыздар, ырым-тыйымдар, салт-жораларға қатысты білімдер мен дағдыларды ауызша жеткен мәлімет арқылы тіркеу жұмысы. Заттық деректерді анықтау және бекітуде материалдық емес мәдени мұраның сақталуы мен қолданылуына қатысты құрал-саймандар, аспаптар, бұйымдардың мәдени қызметін жүйелеу. Деректерді өңдеуде далалық зерттеуде жиналған барлық материалдар мен деректерді жүйелеу, салыстыру, ғылыми айналымға енгізу әдістері қолданылды.

Талдау

Қазақ халқының материалдық емес мәдени мұрасы дегеніміз – халықтың жадында сақталып келе жатқан әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, орындаушылық өнердің салалары, табиғат пен ғаламға қатысты білім мен дағдылары, қолөнер туындылары, сондай-ақ оларға қатысты құралдар, заттар, артефактілер мен мәдени кеңістіктер (Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ға ақпараттық-анықтамалық каталогі, 2024: 10). Бұл құндылықтар еліміздегі белгілі қауымдастықтар, топтар және кейбір жағдайларда жеке тұлғалардың арқасында олардың мәдени мұрасының бір бөлігі ретінде танылып, тарихи және мәдени маңызға ие болып, ұрпақтан-ұрпаққа тасымалданып өміршеңдігін сақтап келеді. Бұл ұғым 1990 жылдары материалдық мәдениетке баса назар аударатын Әлемдік мұра тізімінің аналогы ретінде ұсынылған. Қазіргі таңда Халықаралық ЮНЕСКО болашақ ұрпақ үшін осы жаһандық мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды сақтауға ұмтылады.

Бізбен көршілес Қытай, Ресей, Жапония, Оңтүстік Корея, Қырғызстан, Өзбекстан т.б. мемлекеттер ширек ғасырға жуық уақыттан бері өз елдерінің материалдық емес мәдени мұрасын түгендеу, сақтау, қорғау бойынша жемісті еңбек еткенін аңғаруға болады. Мысалы, Оңтүстік Кореяда орналасқан ICHCAP ұйымы – ЮНЕСКО қамқорлығымен жұмыс істейтін материалдық емес мәдени мұра бойынша Азия-Тынық мұхиты өңіріндегі халықаралық ақпарат және желілік орталық (ICHCAP, 2026). Сондай-ақ Қытайда орналасқан CRIHAP ұйымы – ЮНЕСКО қамқорлығындағы материалдық емес мәдени мұра саласындағы халықаралық оқу-дайындау орталығы (CRIHAP, 2026). Соңғы жылдары бұл ұйымдармен Азия-Тынық мұхиты өңірі елдері, оның ішінде Қырғызстан өз елінің материалдық емес мәдени мұрасын сақтау, қорғау және әлемдік деңгейде насихаттауда жүйелі жұмыс жүргізіп отыр (ICHCAP, 2026) .

Қазақстан Республикасы Материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияның міндеттемелерін ескере отырып, соңғы жылдары ел көлемінде МЕММ-ді инвентаризациялау, қорғау жұмыстарын

ілгерлету бойынша бірқатар жемісті жұмыстар атқарды. Солардың қатарында Қазақстан Республикасының МЕММ алғашқы Ұлттық тізімі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 01.03.2013 ж. №50 бұйрығымен бекітілген, кейіннен ол материалдық емес мәдени мұра элементтерін қосуға байланысты толықтырылды. Мәдениет және спорт министрлігінің 30.11.2015 ж. №368 бұйрығымен «Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің Ұлттық тізімін жүргізу ережелері» бекітілді. Материалдық емес мәдени мұра элементтерінің тізімі мезгіл-мезгілімен толықтырылып, жаңартылды.

2024 жылдың мамырында Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрінің 28.05.2024 ж. №211 бұйрығымен Ұлттық тізімнің жаңартылған құрамы бекітілді. Құрамға Конвенцияның (2003 ж.) бес домені бойынша 79 элемент енгізілді.

2024 жылы Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасы (Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ға ұлттық баяндамасы, 2024) мен Қазақстан Республикасында ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық каталогы (Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ға ақпараттық-анықтамалық каталогы, 2024) дайындалды. Бұл көлемді еңбектерді дайындауда Қазақстанның 10 облысына (Қостанай, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Павлодар, Қызылорда облыстары және Ұлытау) сарапшылардың қатысуымен экспедиция ұйымдастырылып, ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енген 14 элементті қоса алғанда Ұлттық тізімдегі 79 элементтің жай-күйін анықтау жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыс негізінде аталған өңірлердің материалдық емес мәдени мұраны сақтау бойынша табысты тәжірибелері туралы ақпарат беріліп, мұраны сақтауға қауіп төндіретін өзекті мәселелер, соның ішінде жаһандану әсері, урбанизация, өмір салтының өзгеруі және қаржыландырудың жеткіліксіздігі қарастырылып, әр өңірдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік берді.

2025 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ ұйымдастыруымен Абай, Ақтөбе, Жамбыл, Түркістан, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарына материалдық емес мәдени мұраны түгендеу мақсатында ғылыми экспедиция жүргізілді. Мақала авторларының бірі А. Маулет осы экспедицияға қатысып, Ақтөбе облысында 20 күн зерттеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде, Қазақстандық қоғамдық даму институты тарапынан алты өңірге жүргізілген экспедиция материалдары негізінде шағын альбом жарық көрді (Рухани мұра – ұлт қазынасы, 2025). Тіпті отандық ғалымдар тарапынан зерттелген МЕММ бойынша ғылыми еңбектер аз деуге болады. Қазақстанда 2026 жылы ғана бұл саланы зерттеу бойынша этнограф, ғалым Тәттігүл Картаеваның жетекшілігінде, тұңғыш рет Салтанат Әлиякпарқызы Әшімова докторлық (PhD) диссертация қорғағанын айта кетуіміз керек (Әшімова, 2026: 204).

Облыстардың жер көлемінің өте үлкен, ауылдық елді мекендерінің санының тым көптігін ескергенде, жоғарыдағы 2024–2025 жылдарда 16 облыста бір ай уақыт көлемінде ғана жүргізілген ғылыми экспедициялардың уақыты жеткіліксіз деп баға беруге болады. Мысалы, мақала авторларының қатысуымен 2025 жылы Ақтөбе облысында жүргізілген 20 күндік экспедиция барысында облыс аумағының ауқымдылығы және өңірде материалдық емес мәдени мұра элементтері мен оларды тасымалдаушы мұрагерлердің әлі де мол сақталғаны анықталды. Осыған байланысты өңірде сақталған МЕММ элементтерін толық қамту және оларды жүйелі түрде инвентаризациялау үшін кемінде алты ай көлемінде кешенді ғылыми экспедиция жүргізу қажеттілігі айқындалды. Аталған қажеттілікті ескере отырып, Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен 2026 жылғы наурыз–қыркүйек айлары аралығында 12 аудан көлемінде кешенді ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Облыс аумағында жүргізілген кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары материалдық емес мәдени мұраның көрініс табатын бес негізгі бағытын қамтыды. Атап айтқанда:

- материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның ауызша дәстүрлері мен нысандары;
- орындаушылық өнер;
- әдет-ғұрыптар, рәсімдер, мерекелер;
- табиғат пен ғаламға қатысты білім мен

әдет-ғұрыптар;

- дәстүрлі қолөнерге байланысты білім мен дағдылар. Осы бағыттар бойынша кешенді зерттеу жүргізілді.

Біздің осы кешенді зерттеуімізге дейін Ақтөбе өңірінің рухани мұрасы туралы біраз этнографиялық экспедициялар жасалған. Яғни алғашқы жұмыстар XX ғасырдың 20-жылдары Александр Викторович Затаевичтен (1920–1936) басталып, әр кезеңде жүріп отырды (Затаевич, 1963). Академик А. Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» атты іргелі еңбектерінде Ақтөбе өңірінің халық композиторлары туралы және ел арасынан жиналған материалдар берілген (Жұбанов, 1963).

Өңірдегідәндідақылдарженеоданжасалатын ұлттық тағамдар туралы *Д.Д.* Букиничтің «Общий очерк Иргиз-Тургайского района и пр. Труды Тургайской мелиоративной экспедиции за 1920–1923/24 гг.» атты еңбегінде айтылады (Букинич, 1930: 25–44).

1973 жылдан бастап Құрманғазы атындағы Алматы Мемлекеттік консерваториясының фольклорлық кабинеті Ақтөбе облысына бірнеше музыкалық-этнографиялық экспедициялар ұйымдастырған.

1973 жылы Ақтөбе облысының Байғанин ауданынан Б. Амановтың жетекшілігімен магнитофон таспасына 68 күй, 7 ән, 10 жыр, 2 терме, барлығы 87 шығарма жазылды.

1974–1978 жылдар аралығында Орал, Ақтөбе (3 рет) облыстарына ірі экспедициялар ұйымдастырылып, оған Ә. Байгаскина, Р. Құспанова, М. Байғанин, А. Серікбаева, Ә. Нұрбаев, Н. Қыдыршина, Б. Аманов, А. Құнанбаева сынды оқытушылар мен қызметкерлер жетекшілік етті.

1975 жылы Ақтөбе облысының Қобда ауданы Абдыбиринск совхозы, Акрабский, ҚазССР-нің 30 жылдығы колхозы, Қызыл ту совхозы, Ойыл ауданының орталығы Берсиевка совхозы, Жеті көл совхозы, Жангелдин совхозы, Құрмановка, Еңбек-Қызыл-ту, Комсомол совхоздарына фольклорлық экспедиция жасалған. Экспедиция жетекшісі: Р. Құспанова.

1982 жылы Ақтөбе облысына фольклорлық экспедиция жасалған. Экспедицияның бағыты Октябрь және Байғанин аудандары болды. Экспедиция нәтижесінде 32 күй және 2 терме жазылып алынды. Экспедиция жетекшісі: А.А. Нұрбаев.

1989 жылдың 4–20 шілде аралығында Ақтөбе облысына фольклорлық экспедиция жасалған. Экспедиция бағыты: Октябрь ауданы (бұрынғы Кандагачский), Октябрьск қаласы. Экспедиция жетекшісі: А. Айтуарова.

2000 жылы Ақтөбе облысына фольклорлық экспедиция жасалған.

Бірінші топ: Ақтөбе қаласы, Ырғыз, Алға, Қандағаш аудандарында, екінші топ: Шалқар, Қобда аудандарында болды. Экспедиция жетекшісі: Ә. Сабырова.

25.05.2000–14.07.2000 аралығында Ақтөбе облысы Қандағаш қаласы, Алға ауданы, Ембі қаласы, Шұбаркұдық Темір ауданында «Менің Қазақстаным» атты үгіт пойызымен фольклорлық экспедиция жүргізіліп, дәстүрлі ән-күй, жыр, терме, толғау, сыңсу, қараөлең, беташар, жоқтау, т.б. сияқты музыкалық мұралар ел ішіндегі орындаушылардан 9 бейне, 4 аудио таспаға (кассета) түсіріліп сақталды. Экспедиция жетекшісі: М. Әбуғазы (Бекмұханбет және т.б., 2019).

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін де өңірдің рухани мұрасына ғалымдар зерттеулер жасаған. Мысалы, зерттеуші ғалым Бекназаровтың еңбектерінде Солтүстік Арал маңы қазақтарының тұрмыс-тіршілігі, оның ішінде ішкен асы мен пайдаланған заттары жайында көп жазылады (Бекназаров, 2010).

Ақтөбе өңірінің жергілікті өлкетанушы, тарихшылары тарапынан да зерттеулер жасалған. Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Гуманитарлық зерттеулер институты мен облыстық тарих, этнография және археология орталығының қолдауымен Әйтеке би ауданының бірнеше елді мекеніне жүргізілген экспедицияда халық емшілері мен бақсы-балгерлері, әулие тұлғалары туралы жақсы мәліметтер берілген (Мұсаев, 2006: 353).

Мақаланы әзірлеу барысында облыс көлемінен жиналған материалдардың ішінен байырғы жасалу қалыбы сақталған кейбір ұлттық тағамдарды дайындаудың әдіс-тәсілдері зерделенді.

Экспедициябарысындает,сүт,үнөнімдерінен және дәнді дақылдардан дайындалатын өңірлік ерекшелікке ие бірнеше тағамның жасалу жолдары туралы көптеген мәліметтер алынды. Өңірде «сары су» деп аталатын ұлттық тағамның жасалу дәстүрі де сақталған. Осы тағамның дайындалу тәсілін анықтау мақсатында Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы Көрпе ауылының тұрғыны, сүттен ұлттық тағамдар

дайындау шебері Шүйіншалина Гүлбаршын Алпамысқызымен (1965 жылы туған, руы – Кіші жүз, Шөмекей, Сырым) 2026 жылғы 17 тамызда сұхбат жүргізілді. Сұхбат барысында «сары судың» дайындалу технологиясы, оған қажетті өнімдер және тағамды әзірлеу ерекшеліктері туралы мәліметтер алынды. Сұхбат аудио, бейне және фотоматериалдар түрінде тіркелді. Әдетте сары су деп айран не сүттен шығатын сары су айтылады. Зерттеуімізде кездескен «сары су» тағамы қазақтың барлық аймағында жасалатын қызыл ірімшікті қайнатқаннан кейін қазан түбінде қалатын сары суды әрі қарай қайнату арқылы дайындалатын тағам екені анықталды. Яғни айранды қазанға құйып әбден қайнатып барып, қызыл ірімшік жасалады. Сол қызыл ірімшік қайнаған қазанның түбінде аздап сары су қалады, сол сары суды тынбай қайнатып, «сары су» тағамы жасалады екен. Ол қайнатылған сары ірімшік сияқты тағам түрі. Ал басқа өңірлерде ұйытылған айранды дорбаға құйып, даладағы құрт жаятын өренің астына іліп қойғанда, дорбаның түбінен тамшылап ағатын сары түсті суды «сары су» деп атайды. Гүлбаршын Алпамысқызының айтуынша, оның құрамында адамға қажетті дәрумендер, ақуыздар мен минералдар бар. Сондай ұлттық тағамдардың қатарында байырғы дәстүрлі әдістерімен әлі де жиі дайындалатын «қазанжаппай», «табанан» және «тары, талқан» тағамдарын ел арасында жасаушыларды көп кездестірдік.

Дәстүрлі нан пісіру. «Нан пісіру мәдениеті» элементі жайындағы дәстүрлі білімдер өңірде жақсы сақталған. Дәлірек атсақ, экспедиция барысында «табанан», «қазанжаппай» дайындау әдіс-тәсілдері жазылып алынды. Халық арасында «табанан» мен «қазанжаппай» дайындауды бала күнімнен көрдім, білемін, әжемнен, енемнен, анамнан көріп, үйрендім деушілер кездесті. Бірақ күнделікті өмірде іс жүзінде іске асырып жатқандар санаулы. Оған бірнеше себеп бар деп есептейміз: біріншіден, қолдан нан пісірудің көптеген баламалары бүгінде қолжетімді (дүкеннен дайын нан өнімдерін сатып алу); екіншіден, бүгінде Ақтөбе облысы халқының 97 пайызы көгілдір газбен қамтылған (Ақтөбе облысының әкімдігі, 2025). Бұл өз кезегінде дәстүрлі нан пісіру әдістерінің негізінде малдың қиы, ағаш, сақ (сақ деп өңірде от тұтату үшін тамыздық орнында қолданылатын ұсақ ағаш қалдықтары не қидың ұсақ үгінділерін айтады) секілді отын түрлерінің қолданыстан шығуына алып келді. Ал газбен немесе электр қуатымен жұмыс істейтін асүй құрылғыларымен



Сур. 1. Табанан дайындаушы Зәуре Сарсенова. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы
Fig. 1. Tabanan maker Zaure Sarsenova. Emba, Mugalzhar District, Aktobe Region, Kazakhstan.



Сур. 2. Дайын болған табанан. Зәуре Сарсенова. Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ембі қаласы
Fig. 2. Prepared tabanan. Zaure Sarsenova. Emba, Mugalzhar District, Aktobe Region, Kazakhstan.

дайындалатын нан өнімдерінің қатарында табанан, қазанжаппай жоқ. Оған қоса ошақ басында, ашық оттың қасында нан пісірудің бейнеті салыстырмалы түрде бірнеше есе көп. Дегенмен, Мұғалжар ауданы Ембі қаласының тұрғыны Зәуре Сарсенова, Ырғыз ауданы Қалыбай ауылының тұрғыны Күлән Әбділдина мен Әйтеке би ауданы Ақкөл ауылының тұрғыны Айнагүл Құттыбайқызы және Сарыат ауылының тұрғыны Тұрсынай Қайырханқызы сияқты ауыл тұрғындары қолдан нан пісіруді, оңай баламаларының барына қарамастан, күнделікті өмірлерінде іске асырып отыр. Олар бізге табанан мен қазанжаппайды дайындауды басынан аяғына көрсетіп берді. Қысқаша баяндасақ, ашытылған қамыр қалың табаға салынып, үсті де табамен жабылып, шоққа көміледі.

Ал қазанжаппай пісіру үшін, мұрагерлердің айтуынша, тек әбден кепкен ақ тезек қана жарамды. Отқа қазанды қыздырады, қызған қазанның ішіне түгел тұзды су бүркіледі. Тұзды су бүркілген қазанның іші ақшыл тартып толық кепкен соң, қазанның ішіне ашытылған қамырды жайып, жапсырып алады. Қазанның бір шетін ошақтың аузына сыйғанша жанып жатқан отқа тигізіп қойып, ауық-ауық айналдырып отырады. Нанның асты піскен соң, қазандағы нанның бетін пісіру үшін ошақтың алдындағы алақшынына ошақ ішіндегі шоқты тартып, сол шоқтың үстіне қазанды төңкеріп қояды. Қазанның ішіне тұзды су бүркудің себебі – қазанжаппайдың асты піскен соң, үстін пісіру үшін қазанды төңкергенде нанның шоққа түсіп кетпеуін қамтамасыз ету. Тұзды су себілген қазанға салған қамыр мықтап жабысып, қазанды төңкергенде шоққа түспейді. Нанның асты-үсті қызарып піскенде ерітілген сарымай жағылады. Кейбір зерттеулерде нан пісіру технологиясының Қазақстанның басқа да өңірлерінде жақсы сақталғаны айтылады (Дүзенова, 2019). Облыстағы мәдениет үйі, кітапхана, музейлер «Нан пісіру мәдениеті» элементінің мұрагерлерін түрлі іс-шараларға тарту арқылы элементтің насихатталуына қолдау көрсетіп отырғаны анықталды.

Солтүстік Арал маңы қазақтарының этнографиялық құндылықтарын зерттеген ғалым Рахым Бекназаров өз еңбектерінде: «В среде казахов Северного Приаралья в XIX – начале XX вв. Получает распространение печеный хлеб в виде небольших лепешек таба нан, выпекаемых в чугунных округлых формах – сковородах, прилагаемых плотно друг к другу. В качестве топлива использовалась горячая зола от прессованного кизяка – кый (қи). Традиционные среднеазиатские лепешки, выпекаемые в тандыре, как такового распространения в полукочевой среде казахов не получили. Особо хотелось бы подчеркнуть, что казахи исследуемого нами региона использовали муку не только для выпечки хлеба и бауырсаков, но



Сур. 3. Қазанжаппай дайындаушы Күлән Әбділдина. Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Қалыбай ауылы
Fig. 3. Kazanzhappai maker Kulan Abdildina. Kalybai village, Yrgyz District, Aktobe Region, Kazakhstan.

и применяли ее в качестве наполнителя каш – например, каши-болтушки (быламык)», – деп Ақтөбе өңіріндегі қазақтардың ұнды таба нан пісіруден бөлек, ботқаға қоспа ретінде быламық дайындауда да пайдаланғанын ерекше атап өткен (Бекназаров, 2010: 31).

Қазанжаппай дайындаушылардың айтуынша, әдетте қазанжаппай газда немесе көмір отынында пісірілмейді. Өздері бала күнінен көрген дайындау әдісінде тек тезек немесе қи отынына пісірілгенін айтады. Ырғыз ауданы Қалыбай ауылының тұрғыны, қазанжаппай дайындаудың білгірі Күлән Әбділдина (12.10.1950 ж. туған. Руы – Кіші жүз, Шөмекей, Тоқа) басқа дайындаушыларға қарағанда, бір қызық мәлімет берді. 24.08.2026 күні Қалыбай ауылында Күлән Әбділдинаның қазанжаппай пісіру барысы (аудио, видео, фото форматта) жазылып алынды. Сұхбат барысында Күлән Әбділдинаның айтуынша, қазанжаппай дәмді болуы үшін, өзі көрген бұрынғы үлкендер шоққа тек далада күн мен жаңбырда ұзақ жатып әбден саңғырлап кепкен сиыр малының тезегін арнайы істетеді екен. Себебі далада ұзақ жатып, жаңбыр мен күн ұрған тезекті ошаққа жаққанда газ бөлініп шықпай, таза болады екен. Ал қорада күн көрмей жиналып тұрған қи да жақсы, бірақ онда табиғи мөлшерде газ бөлініп шығады. Қидан бөлініп шыққан газдың өзі қазанжаппай нанының дәмі мен иісіне аз болса да әсері болатынын айтады. Облыстың бірнеше ауданынан қазанжаппай нанын дайындайтын бірнеше мұрагерлерді кездестіргенімізбен, осы тағамды дайындаудың далалық байырғы әдіс-тәсілдеріне жататын жаңағыдай әдістерді тек Күлән Әбділдинадан жазып алдық. Мұндай көнеден келе жатқан әдістер қазанжаппай дайындауда ғана емес, ұлттық тағамның басқа да түрлерін әзірлеуде де сақталған болуы мүмкін. Бұл – халық жадында сақталған дәстүрлі білімдер мен дағдылардың бір көрінісі.

Облыстың кей аудандарында қазанжаппай ұлттық тағамын жасау әдіс-тәсілдерін жас ұрпаққа насихаттау мақсатында аудан көлемінде осы мұраны ұстанушылардың байқауын ұйымдастыратыны анықталды. Зерттеу экспедициямызда 26.08.2026 күні Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы Ырғыз ауылында Арай мәдениет үйінің «Берекелі ауыл – бақытты болашақ» жобасы аясында «ҚАЗАНЖАППАЙ Fest – 2026» аудандық қазанжаппай тағамын дайындаушылардың байқауы өтті. Шараға ауылдық округтерден 21 үміткер қатысып, бақ сынады. Аудан орталығына жиналған барлық қазанжаппай пісірушілер өздерімен бірге жағатын тезегі мен қиын ала келіп, белгіленген орында жер ошақтар, темірден арнайы жасалған ошақтар немесе кірпіштен сол жерде ошақ жасап, отынға тек малдың тезегі мен қиын жағып бір уақытта қазанжаппай дайындады.



Сур. 4. Қазанжаппай дайындаушы Тұрсынай Қайырханқызы. Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы, Сарыат ауылы.
Fig. 4. Kazanzhappai maker Tursynai Kaiyrkhankyzy. Saryat village, Aiteke Bi District, Aktobe Region, Kazakhstan.

Бағалаушылар дайындалған қазанжаппайдың дәмінен бастап, қамырдың қатты-жұмсақ иленуі, тағамның қызарып күймей пісуі мен тіске қатты-жұмсақтығына дейін бағалады. Мұндай шаралар қазанжаппай дайындаушы мұрагерлерді инвентаризациялауға, ұлттық тағам дайындаудың байырғы әдістерін сақтауға, қазанжаппай дайындаудағы білім мен тәжірибені жас ұрпаққа беруге, өңірдің туристік әлеуетін арттыруға ықпал етеді.

Тары дайындау әдісі. Тары салынған шай ерекше дәм мен хош иіске ие. Жалпы тарының тағамдық жоғары құнарлылығы ертеден белгілі және ол туралы ғалымдардың зерттеулерінде де айтылады (Yousaf және т.б., 2021). Дайын тарының диірменнен өткізілгенін талқан немесе жарма деп атайды. Бұл тағамның атаулары жайында, яғни жарма сөзі талқанның балама атауы екендігі туралы зерттеулерде де кездеседі: «Бұл тағам түрлері туралы орта ғасырлардан бері «талқан» атауы қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр тілдерінде өзгеріссіз қолданылса, орта ғасырда қолданылған «йарма» сөзі талқанның баламасы ретінде түрік, әзербайжан, өзбек, түрікмен тілдерінде сақталған. Бүгінде талқан – тіліміздегі тамақ ретінде, жарма дәнді-дақылдардың майдаланып жарылған түрі, дәмді әрі құнарлы ас дегенді білдіреді. Этнографиялық деректерге сүйенсек, таза тарыны (сөк), Ақтөбе өңірі төмендегідей дайындаған: тарыны жуып, суға қайнатып, кептіріп, қазанға қуырып алып, келіге түйген.» (Қосыбаев және т.б., 2024: 282).

«Сөк» атауы қазақтың дәстүрлі тағам мәдениетінде ақталған тарыны білдіреді. «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» бұл атау Орал (Чапаев, Жымпиты), Жезқазған (Ұлытау), Қостанай (Торғай), Ақтөбе (Ырғыз) өңірлері мен Саратов қазақтарының тілдік қолданысында тіркеліп, «ақталған тары» мағынасында түсіндірілген (Қалиев және т.б., 2005).

Талқанды көбіне екі жолмен тұтынады: сүтке, майға немесе қаймаққа езіп жейді немесе одан жент жасайды. Мұғалжар ауданына қарасты Ембі қаласының тұрғыны Зәуре Сарсенова шикі қызыл тарыны тазалап, қайнатудан бастап, қуырып, келіге салып, келсаппен түйіп, желге ұшырып тазалап, дайын болғанға дейінгі тары дайындау барысын көрсетіп шықты. Көргеніміздей бұл жұмыс айтарлықтай күш пен ұқыптылықты талап етеді. Бір адам бір қазан тары дайындау үшін 5–6 сағат ошақ маңындағы шаруамен айналысуы керек. Алдымен шикі тарыны сумен шайып, шала піскендерінен айырады. Жуылған тарыны қазанға салып, былғауышпен араластырып отырып қуырады. Қуырылған тарыны келіге салып түйеді. Түйілген тарының қауызын ұшырып, келіге екінші қайтара салады. Осындай жүйелі үдерісті облыстың Мұғалжар, Ырғыз, Ойыл аудандарында жазып алдық. Тары дайындаудың дәстүрлі әдісін білетін



Сур. 5. Қазанжаппай Fest-2026 байқауы. Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы, Ырғыз ауылы
Fig. 5. Kazanzhappai Fest-2026 competition. Yrgyz village, Yrgyz District, Aktobe Region, Kazakhstan

мұрагерлердің айтуынша, бүгінде нарыққа үлкен көлемде арзан өнім шығару үшін қызыл тарыны шала піскендерінен айырмай қуыру, келі-келсаптың орнына электрлі келіні қолдану орын алған. Технологиядағы мұндай өзгерістер дайын өнімнің көлемін көбейткенімен, сапасын төмендетуде. Мысалы, қуырылған тарыны келі-келсаппен түйсең дәні толық таза шығады. Ал электрлі келіге салып айналдырсаң, тарыны жарып жіберетінін айтады.

Ақтөбе облысының Ойыл ауданы тары өнімдерімен дүниеге танымал мекен. Тары өсіруден рекорд орнатқан Шығанақ Берсиев (1881–1944) тары өсіруден әлемдік рекордқа қол жеткізіп, еңбегі үшін екі мәрте Ленин орденімен марапатталған. Аудан көлемінде әр жыл сайын Шығанақ Берсиев есімін жаңғырту мақсатында тары дайындаудан айтулы іс-шаралар



Сур. 6. Тары дайындаушы Әсем Руқызы Аранжанова. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ш. Берсиев ауылы
Fig. 6. Asem Rukyzy Aranzhanova preparing millet. Sh. Bersiev village, Oiyl District, Aktobe Region, Kazakhstan.



Сур. 7. Экспедиция жетекшісі Ардаби Маулет тары дайындаушы Әсем Руқызы Аранжановамен сұхбатта. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ш. Берсиев ауылы.
Fig. 7. Expedition leader Ardabi Maulet interviewing Asem Rukyzy Aranzhanova during millet preparation. Sh. Bersiev village, Oiyl District, Aktobe Region, Kazakhstan.

ұйымдастырылып тұратыны анықталды (Oiyl_madeniet, 2025).

Ақтөбе қазақтары үшін тары күнкөріс түрі болғанын Д.Д. Букинич «Общий очерк Иргиз-Тургайского района и пр. // Труды Тургайской мелиоративной экспедиции за 1920–1923/24 гг.» атты еңбегінде қазіргі Ақтөбе облысының Ырғыз, Әйтеке би аудандарына қарасты елді мекендердегі егіншілік кәсібіне, оның ішінде дәнді дақылдар өсіргеніне қатысты мынадай мәліметтер келтіріледі: «Основными земледельческими культурами у казахов являлись просо – тары, пшеница – бидай, рожь – арпа и др. Первые две в рассматриваемый период использовались почти во всех регионах Казахстана. На исследуемых нами территориях просо также являлось основной культурой местных егинши. Просо выращивали как на поливных, так и на неполивных землях. Большая часть территории СПР, а именно «окраины степных озер или же «бидаяков» была приспособлена под богарные посевы проса. Это озера в водоразделе реки Ыргыз и Олькейек – Сулуколь, Карасор, Туздыколь, Отек, Карашатау, Егизкара, Жабасак и др. Это те пункты, «около которых имеются значительные распашки под просо на светло-каштановых супесчаных склонах». При этом «небольшие посевы встречаются также в верховьях Талдыка, Каинды – притоков реки Иргиз – и по истокам последней. Еще меньше площади бесполивного проса засеваются по притокам р. Тургай – в их верховьях» (Букинич, 1930: 25–44).

Алынған нәтижелер

Зерттеу барысында барлығы 38 МЕММ элементі тіркелді. Оның ішінде 25 элемент ҚР Ұлттық тізіміне, 9 элемент ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енген. Сонымен қатар Ұлттық тізімге енгізу ұсынылатын 4 жаңа элемент анықталды. ҚР МЕММ Ұлттық тізіміндегі 79 элементтің қатарында жоқ, алдағы тізімді толықтыру барысында ұсынуға болатын «дәнді дақылдардан ұлттық тағамдар дайындау», «сүт өнімдерінен ұлттық тағамдар дайындау», «тұрмыс-салт әндері», «Мұғалжар жылқысын өсіру, баптау» сияқты элементтер анықталды. Мысалы, Ұлттық тізімде дәнді дақылдарға қатысты «Нан пісіру мәдениеті» элементі болғанымен, тары, арпа, бидай сияқты дақылдардан тағам дайындауға қатысты білімдер қамтылмаған. Экспедиция барысында мұндай білімнің мұрагерлері мен насихаттаушылары құжатталғандықтан, осы жаңа элемент Ұлттық тізімге енгізуге ұсынылуы тиіс деп санаймыз. Себебі, бұл элементтер:

- мемлекет және мәдени мұра тұрғысынан

маңызды;

- қазіргі таңда бұл элементтер ұрпақтан-ұрпаққа белсенді түрде беріліп, өміршеңдігі сақталуда;

- бұл элементтер Қазақстан аумағында іс жүзінде адам өмірімен бірге жанды мұра ретінде қолданыста болып, оны белгілі этнос өкілдері, топтар немесе жеке тұлғалар өздерінің мәдени сәйкестігінің бір бөлігі ретінде танып өміршеңдігін сақтап келеді.

Өңірге кешенді экспедиция жүргізу арқылы ЮНЕСКО-ның Репрезентативтік тізіміне енгізілген элементтердің жай-күйі анықталды. Бұл тізімнен Ақтөбе облысында келесі МЕММ элементтері тіркелді: 1) Нан пісіру мәдениеті; 2) Бие байлау, қымыз дайындаумен байланысты салт-дәстүрлер; 3) Кестелеу өнері; 4) Киіз басу; 5) Айтыс – суырып салмалық өнер; 6) Домбырамен күй тарту өнері; 7) Асық ойыны; 8) Қазақ күресі; 9) Тоғызқұмалақ ойыны.

Сондай-ақ, ҚР МЕММ Ұлттық тізіміне енген келесі элементтер бойынша құжаттау жүргізілді: 1) Қазақтың жыраулық дәстүрі; 2) Қазақтың дәстүрлі ән өнері; 3) Қобызда күй тарту өнері; 4) Ет асу және табақ тарту; 5) Садақ ату; 6) Емшілік және сәуегейлік білімдер; 7) Өрімшілік өнер; 8) Ер-тұрман жасау және қолдану; 9) Кимешек тігу мен кию мәдениеті; 10) Кілем тоқу өнері; 11) Тақия, тымақ, қалпақ кию мәдениеті; 12) Тері илеу өнері; 13) Ісмерлік, тігіншілік өнер; 14) Аза тұтумен байланысты фольклорлық мұралар; 15) Көрұғлы жыры; 16) Бақсылық; 17) Ертегі, аңыз-әңгіме айту дәстүрі; 18) Жарапазан – рамазан айында ересектер мен балалар айтатын өлең; 19) Терме айту; 20) Бата, бата беру; 21) Баланың дүниеге келуіне байланысты салт-жоралар; 22) Қазақы ит тұқымдары – тазы мен төбет ұстау, күзетке, мал бағуға, аңшылыққа баулу; 23) Балалар мен жасөспірімдердің дәстүрлі ойындары; 24) Қараөлең; 25) Қазақтың халық ауыз әдебиетінің дидактикалық қысқа жанрлары.

Ақтөбе облысына жасалған бұл іргелі жұмыстар Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты алдағы кезеңдік ұлттық баяндамасын (алдағы бес жылдықтағы Қазақстанның ЮНЕСКО-ға мемлекеттік есебі) өңірлік деректермен қамтуға үлкен мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері Ақтөбе облысындағы материалдық емес мәдени мұра элементтерінің қазіргі жай-күйі мен өміршеңдігін, оларды жеткізушілер мен қоғамдастықтардың рөлін, ұрпақтан-ұрпаққа берілу жолдарын, сондай-ақ қорғауды қажететін (жоғалып кету қаупі төнген) мұраларды айқындауға жол ашады. Сонымен қатар, жинақталған этнографиялық аудио, бейне және фото форматтағы экспедициялық материалдар алдағы ұлттық деңгейде жасалатын инвентаризацияны толықтыруға, мұраны қорғау жөніндегі нақты шешімдерді қабылдауға және Қазақстан Үкіметінің Материалдық емес мәдени мұра конвенциясының міндеттемелерін іске асыру барысын әлемдік деңгейде нақты деректермен негіздеуге дереккөз бола алады.

Бұл бағыттың маңыздылығы ЮНЕСКО-ның мерзімдік баяндаманы тек есеп беру құжаты ретінде емес, Қазақстан Үкіметінің өңірлердегі инвентаризацияны жаңарту және болашақтағы мұраны қорғау стратегиясын нақты айқындау құралы ретінде қарастыруымен айқындалады.

Қорытынды

Ақтөбе өңірінде сақталған МЕММ элементтерін кешенді инвентаризациялау жұмыстары негізінде облыста бұған дейін жүргізілген жинау жұмыстарының жүйелі жасалмағаны байқалды. МЕММ-нің өміршеңдігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі – ұстаз–шәкірт жолымен берілетін сабақтастықтың сақталуы. Мысалы, МЕММ ұстанушы көнекөздердің жыл санап өмірден өтуіне байланысты осы дәстүрдің қазіргі таңдағы тікелей ұстанушылары азайып, мұра элементтері мен соған сай білім мен дағдылар жоғалуда. Бұл өз кезегінде рухани құндылықтарымыздың жойылуымен қатар, рухани мұраға ғана тән, атадан-балаға жалғасқан сабақтастықтың үзілуіне әкеліп соғатыны сөзсіз.

Конвенцияда айқындалған бес доменнің алғашқы екеуіне – (a) материалдық емес мәдени мұраның тасымалдағышы ретінде тілді қоса алғанда, пайымның ауызша дәстүрлері мен нысандарына және (b) орындаушылық өнерге қатысты элементтердің сақталуы мен дамуына кері әсер ететін бірқатар факторлар бар. Олардың қатарында жаһандану үдерісі, ақпараттық кеңістіктің өзгеруі және кеңестік кезеңдегі халық музыкасына қатысты жүргізілген саясаттың салдары байқалады. Нәтижесінде халық арасында ұлттық музыка тілі мен қазақ тілін түсінбеу, өзінің ауызша мәдениетіне экзотика есебінде қарау орын алып отыр. Бұл халық музыкасы

мен халық ауыз әдебиетінің аудиториясы едәуір тарылғанын айғақтайды. Жалпы қандай да бір өнер түрінің өмір сүруінің алғы шарты – тұрақты аудиторияның болуы. Ал жыршылық дәстүр, дәстүрлі ән, күй тарту, аңыз-ертегілер айту, ғұрыптық немесе тұрмыс-салт әндерін орындау элементтерінің аудиториясы тарылу үстінде. Бұл тұрғыда бұл элементтер басқарушы органдар тарапынан, қоғам тарапынан қолдауды қажет етеді. Демек, ендігі жерде мемлекеттің мәдени саясаттағы жаңа міндеті халық музыкасының және халық ауыз әдебиетінің аудиториясын тәрбиелеу. (c) әдет-ғұрыптар, салттар, мейрамдар; (d) табиғат пен әлемге қатысты білім мен әдет-ғұрыптар. Бұл бағыттарда жоғалу қаупі төнген мұралар тізіміне облыста «қазақтың саятшылық өнері» элементін жатқызуға болады. Мысалы, экспедиция барысында Мұғалжар ауданы, Жағабұлақ ауылының тұрғыны, құсбегі Нысанбек Атабергенұлы Қартбаевты арнайы іздеп барғанымызда, бізге жолсерік болған ауыл әкімі Мирамбек Маратұлы Боқаештің айтуынша, Нысанбек Атабергенұлы Қартбаевтың баптап отырған бүркітінің заңды құжаты болмаған. Осыған байланысты оған бүркіт баптауға заң бойынша шектеу қойылған. Соның салдарынан құсбегі баптап отырған бүркітін амалсыздан түзге қоя бергені анықталды. Бұл жағдай Ақтөбе өңірінде онсыз да кенжелеп, енді ғана қолға алына бастаған саятшылық өнердің жойылуына әкеліп соғуы мүмкін. Бұл жағдай Павлодар т.б. облыстарда да орын алғаны айтылуда. Мұндай заңдық тұрғыдағы сәйкессіздіктер елімізде материалдық емес мәдени мұраны қорғауға арналған арнайы заң қабылдауды қажет ететіні сөзсіз. Наурыз мейрамы, көрісу күндері сияқты әдет-ғұрыптар мен салт-жоралар насихатталатын жалпы мереке-мейрамдарға қауіп жоқ деп айтуға болады.

Ұлттық ойындар мен ұлттық спорт түрлеріне қатысты республикада және облыста жасалып жатқан жұмыстар аз емес. Ат спорты ойындарына арналған ипподромның ашылуы, аудандардағы спорт мектептерінде бұрын-соңды болмаған ұлттық спорт секцияларының ашылуы, орта мектептерде оқу бағдарламасына балаларға арналған ұлттық ойын түрлерінің кіріктірілуі аталмыш элементтердің өміршеңдігін арттырып отырғаны сөзсіз.

(e) Дәстүрлі кәсіптермен байланысты білім мен дағдылар доменіне негізінен қолөнер түрлеріне қатысты элементтер жатады. Облыста қолөнер түрлері даму барысында айтарлықтай жетістіктерге жеткен. Дегенмен аса күрделі болып табылатын «тері илеу» (теріден ыдыс жасау) немесе «кестелеу өнері» секілді элементтердің мұрагерлері өз кәсіптерін энтузиазм негізінде сақтап отырғандарын мәлімдеді.

«Қазақтың жыраулық дәстүрі», «нан пісіру мәдениеті», «кестелеу өнері», «кілем тоқу өнері», «тері илеу өнері», «домбырамен күй тарту өнері» элементтерінің жақсы сақталғаны, бұл элементтердің ұстаз–шәкірт жолымен беріліп отырғаны анықталды. Кәсіби білім беру орындарынан тыс, дәстүрлі ұстаз-шәкірт, атадан-балаға үйрету жүйесі нәтижесінде элемент мұрагері болып отырған санаулы ғана жыршылардың, күйшілердің, қолөнер шеберлерінің, тағам дайындау шеберлерінің «МЕММ мұрагері» деген мағынадағы мәртебеге ие болуы, олардың заңнамалық, материалдық, инфрақұрылымдық тұрғыда мемлекет тарапынан қолдау табуы еліміздің болашақта материалдық емес мәдени мұраларынан айырылмауына маңызды негіз болар еді.

Мақала Ақтөбе облысы әкімдігінің қолдауымен, Ақтөбе облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасына қарасты Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі жүзеге асырып отырған «Ақтөбе облысы аумағында сақталған қазақ халқының материалдық емес мәдени мұраларын жинау, зерттеу, сақтау және дәріптеу» жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер

1. Ақтөбе облысының әкімдігі, 2025. 2025 жылы Ақтөбе облысында газдандырылған ауылдар саны 31-ге жетті [Электрондық дерекөз]. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe/press/news/details/1129884 (қаралған күні: 26.08.2026).

2. Затаевич А.В., 1963. Қазақ халқының 1000 әні. Ән мен күйлер. Москва: Мемлекеттік музыка баспасы. 589 б.

3. Әшімова С., 2026. Материалдық емес мәдени мұраларды сақтау және музейлендіру (отандық

және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы сараптау): философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 8D02207 / Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы. 204 б.

4. Бекмұханбет Бекмұханбет Б.Д., Мылтықбаева М.Ш., Сабырова Ә.С., Пазылова А.Р., Дәрібаева А.А., Қайрулла К.И., 2019. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының фольклорлық зертханасы. Алматы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы. 240 б.

5. Бекназаров Р.А. Казахи Северного Приаралья в XIX – начале XX вв. (историко-этнографическое исследование): автореф. дис. ... д-ра ист. наук. Алматы, 2010. 56 с.

6. Букинич Д.Д. (ред.), 1930. Труды Тургайской мелиоративной экспедиции за 1920–1923/24 годы. Ташкент: Казнаркомзем. 196 с.

7. Дүзенова Г., 2019. Астың дәмдісі – қазанжаппай // Қармақшы таңы: Қармақшы аудандық қоғамдық-саяси газеті. № 73 (9828) [Электрондық дерекөз]. URL: https://qarmaqshy-tany.kz/zanalyk/ruhaniyt/10358-asty-dmds-azanzhappay.html (қаралған күні: 23.08.2026).

8. Жұбанов А., 1963. Замана бұлбұлдары. Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. 442 б.

9. Жұбанов А., 2002. Ғасырлар пернесі. Қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы очерктер. Алматы: Дайк-Пресс. 328 б.

10. Қазақстан Республикасында ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыру жөніндегі ақпараттық-анықтамалық каталог. 2024. Астана. 363 б.

11. Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы конвенциясын (2003) іске асыруға қатысты ұлттық баяндамасы. 2024. Астана. 589 б.

12. Қалиев Ғ., Нақысбеков О., Сарыбаев Ш., Үдербаев А., 2005. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі: 22 000 сөз. Алматы: Арыс. 824 б.

13. Қосыбаев М.М., Жиембай Б.С., Халметов А.Р., 2024. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі тағам атауларының қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Саяси ғылымдар. Аймақтану. Шығыстану. Түркітану сериясы. № 2 (147). Б. 275–292.

14. Мұсаев А., 2006. Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы. Ақтөбе. 353 б.

15. Рухани мұра – ұлт қазынасы. Қазақстанның алты өңірінде жүргізілген экспедиция альбомы. 2025. Астана. 150 б.

16. CRIHAP. International Training Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region under the auspices of UNESCO [Электрондық дерекөз]. URL: https://en.crihap.cn/ (қаралған күні: 26.08.2026).

17. ICHCAP. Intangible Cultural Heritage of Kyrgyzstan. Seoul: International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region [Электрондық дерекөз]. URL: https://archive.unesco-ichcap.org/eng/ek/sub2017_5/sub.php?tab=Kyrgyzstan (қаралған күні: 26.08.2026).

18. ICHCAP. International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region. UNESCO and Category 2 Center [Электрондық дерекөз]. URL: https://www.unesco-ichcap.org/menu.es?mid=a10101000000 (қаралған күні: 26.08.2026).

19. Oiyl_madeniet, 2025. «Ауыл FEST» елдің еңсесін көтерді [Instagram әлеуметтік желісіндегі бейнематериал] [Электрондық дерекөз]. URL: https://www.instagram.com/reels/DMj71kyISPd/ (қаралған күні: 25.08.2026).

20. UNESCO. Form ICH-10: Report on the Implementation of the Convention and on the Status of Elements Inscribed on the Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity. Part C: Status of Elements Inscribed on the Representative List (C.1–C.7). Paris: UNESCO [Электрондық дерекөз]. URL: https://ich.unesco.org/en/forms (қаралған күні: 02.09.2026).

21. Yousaf L., Hou D., Liaqat H., Shen Q., 2021. Millet: A review of its nutritional and functional changes during processing // Food Research International. Vol. 142. Article 110197. DOI: 10.1016/j.foodres.2021.110197

References

1. Aktobe oblysynyn akimdigi, 2025. 2025 zhyly Aktobe oblysynda gazdandyrylgan auyldar sany 31-ge zhetti [In 2025, the number of gasified villages in the Aktobe region reached 31]. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe/press/news/details/1129884 (accessed: 26.08.2026). [in Kazakh].

2. Zatayevich A.V., 1963. Kazakh khalkynyn 1000 ani. An men kuiler [1000 songs of the Kazakh people. Songs and kuis]. Moscow: Memlekettik muzyka baspasy, 589 p. [in Kazakh].

3. Ashimova S., 2026. Materialdyk emes madeni muralardy saktau zhane muzeilendiru (otandyk zhane sheteldik tazhiribelerdi salystyrmaly saraptau) [Safeguarding and museumification of intangible cultural heritage (comparative analysis of domestic and foreign practices)]: PhD dissertation: 8D02207 / Al-Farabi Kazakh National University. Almaty, 204 p. [in Kazakh].

4. Bekmukhanbet B.D., Myltykbayeva M.Sh., Sabyrova A.S., Pazylova A.R., Daribayeva A.A., Kairulla K.I., 2019. Kurmangazy atyndagy Kazakh ulttyk konservatoriyasynyn folklorlyk zertkhanasy [Folklore laboratory of the Kurmangazy Kazakh National Conservatory]. Almaty: Kurmangazy Kazakh National Conservatory, 240 p. [in Kazakh].

5. Beknazarov R.A. 2010. Kazakhi Severnogo Priaral'ya v XIX – nachale XX vv. [The Kazakhs of the Northern Aral Sea region in the 19th – early 20th centuries] (historiko-etnograficheskoe issledovanie): avtoref. dis. ... d-ra ist. nauk. Almaty. 56 p. [in Russian].

6. Bukinich D.D. (ed.), 1930. Trudy Turgayskoy meliorativnoy ekspeditsii za 1920–1923/24 gody [Proceedings of the Turgai Land Reclamation Expedition for 1920–1923/24]. Tashkent: Kaznarkomzem, 196 p. [in Russian].

7. Duzenova G., 2019. Astyn damdisi – kazanzhappay [The tastiest dish is kazanzhappay] // Karmakshy tany: Karmakshy audandyk kogamdyk-sayasi gazeti. No. 73 (9828). URL: https://qarmaqshy-tany.kz/zanalyk/ruhaniyt/10358-asty-dmds-azanzhappay.html (accessed: 23.08.2026). [in Kazakh].

8. Zhubanov A., 1963. Zamana bulbuldary [Nightingales of the era]. Almaty: Kazaktyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 442 p. [in Kazakh].

9. Zhubanov A., 2002. Gasyrlar pernesi. Kazaktyn khalyk sazgerlerinin omiri men shygarmashylygy turaly ocherkter [Strings of the centuries. Essays on the life and works of Kazakh folk composers]. Almaty: Daik-Press, 328 p. [in Kazakh].

10. Kazakhstan Respublikasynda UNESCO-nyn Materialdyk emes madeni murany korgau turaly konventsiyasyn (2003) iske asyru zhonindegi akparattyk-anyktamalyk katalog [Information and reference catalogue on the implementation of UNESCO's Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage (2003) in the Republic of Kazakhstan]. 2024. Astana, 363 p. [in Kazakh].

11. Kazakhstan Respublikasynyn UNESCO-nyn Materialdyk emes madeni murany korgau turaly konventsiyasyn (2003) iske asyruga katysty ulttyk bayandamasy [National report of the Republic of Kazakhstan on the implementation of UNESCO's Convention for the Safeguarding of the Intangible Cultural Heritage (2003)]. 2024. Astana, 589 p. [in Kazakh].

12. Kaliyev G., Nakysbekov O., Sarybayev Sh., Uderbayev A., 2005. Kazakh tilinin aimaktyk sozdigi: 22 000 soz [Regional dictionary of the Kazakh language: 22,000 words]. Almaty: Arys, 824 p. [in Kazakh].

13. Kosybayev M.M., Zhiyembai B.S., Khalmetov A.R., 2024. M. Kashkaridyn «Diuani lugat it-turk» enbegindegi tagam ataularynyn kazirgi turki tilderindegi koldanysy [The use of food names from M. Kashgari's "Diwani Lughat al-Turk" in modern Turkic languages] // L.N. Gumilyov atyndagy Euraziya ulttyk universitetinin khabarshysy. Sayasi gylymdar. Aimaktanu. Shygystanu. Turkitanu seriyasy. No. 2 (147). P. 275–292. [in Kazakh].

14. Musayev A., 2006. Aiteke bi aimagynyn etnomadeni murasy [Ethnocultural heritage of the Aiteke Bi region]. Aktobe, 353 p. [in Kazakh].

15. Rukhani mura – ult kazynasy. Kazakhstannyn alty onirinde zhurgizilgen ekspeditsiya albomy [Spiritual heritage is the treasure of the nation. Album of an expedition conducted in six regions of Kazakhstan]. 2025. Astana, 150 p. [in Kazakh].

16. CRIHAP. International Training Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region under the auspices of UNESCO. URL: https://en.crihap.cn/ (accessed: 26.08.2026). [in English].

17. ICHCAP. Intangible Cultural Heritage of Kyrgyzstan. Seoul: International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region. URL: https://archive.unesco-ichcap.org/eng/ek/sub2017_5/sub.php?tab=Kyrgyzstan (accessed: 26.08.2026). [in English].

18. ICHCAP. International Information and Networking Centre for Intangible Cultural Heritage in the Asia-Pacific Region. UNESCO and Category 2 Center. URL: https://www.unesco-ichcap.org/menu.es?mid=a10101000000 (accessed: 26.08.2026). [in English].

19. Oiyl_madeniet, 2025. «Auyl FEST» eldin ensesin koterdi [“Auyl FEST” raised the spirit of the people]. URL: https://www.instagram.com/reels/DMj71kyISPd/ (accessed: 25.08.2026). [in Kazakh].

20. UNESCO. Form ICH-10: Report on the Implementation of the Convention and on the Status of Elements Inscribed on the Representative List of the Intangible Cultural Heritage of Humanity. Part C: Status of Elements Inscribed on the Representative List (C.1–C.7). Paris: UNESCO. URL: https://ich.unesco.org/en/forms (accessed: 02.09.2026). [in English].

21. Yousaf L., Hou D., Liaqat H., Shen Q., 2021. Millet: A review of its nutritional and functional changes during processing // Food Research International. Vol. 142. Article 110197. DOI: 10.1016/j.foodres.2021.110197. [in English].

Маулет А.[1], *Нурдаулет П.[2], Камунов С.[1]
[1]Национальный музей Республики Казахстан
Астана, Казахстан
[2]Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Астана, Казахстан
e-mail: mr.ardabi@mail.ru

ИНВЕНТАРИЗАЦИЯ НЕМАТЕРИАЛЬНОГО КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ КАЗАХОВ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ: НЕКОТОРЫЕ ТРАДИЦИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ КУХНИ

Аннотация. В статье на основе материалов комплексной этнографической экспедиции рассматриваются вопросы сохранения преемственности поколений посредством систематического сбора нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области.

Цель исследования – выявление современного значения и преемственности поколений нематериального культурного наследия казахов Актюбинской области путем его комплексной инвентаризации, научного анализа и систематизации. Кроме того, в работе освещается роль отдельных носителей и локальных сообществ в сохранении и передаче этого наследия, фиксируется опыт информантов, а также вводятся в научный оборот региональные особенности нематериального культурного наследия актюбинских казахов.

В ходе полевых исследований в населенных пунктах Актюбинской области были выявлены образцы нематериального культурного наследия, соответствующие 79 элементам Национального перечня нематериального культурного наследия Республики Казахстан и 14 элементам Репрезентативного списка ЮНЕСКО, а также задокументированы оригинальные материалы на национальном и региональном уровнях. В процессе сбора этнографических данных применялись методы включенного наблюдения, интервьюирования, выявления и фиксации устных и вещественных источников, а также методы систематизации данных.

В результате исследования впервые был составлен комплексный региональный реестр элементов нематериального культурного наследия и их информантов (носителей) в Актюбинской области, а также выявлен ряд новых элементов, рекомендуемых для включения в Национальный перечень нематериального культурного наследия РК. Вместе с тем были определены специфические особенности приготовления некоторых традиционных блюд, характерных для данного региона.

Ключевые слова: казахи Актюбинской области, этнографическая экспедиция, нематериальное культурное наследие, инвентаризация, просо (тары), культура хлебопечения, носитель наследия, традиционная гастрономическая культура.

Для цитирования: Маулет А., Нурдаулет П., Камунов С. Инвентаризация нематериального

культурного наследия казахов Актюбинской области: некоторые традиции национальной кухни // Мәдени мұра. 2026. №3 (114). С. 220-237 (каз.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.15

Maulet A.[1], *Nurdaulet P.[2], Kamunov S.[1]
[1]National Museum of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan
[2]L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
e-mail: mr.ardabi@mail.ru

INVENTORY OF THE INTANGIBLE CULTURAL HERITAGE OF THE KAZAKHS OF THE AKTOBE REGION: SELECTED TRADITIONS OFNATIONAL CUISINE

Abstract. Based on materials from a comprehensive ethnographic expedition, this article examines the preservation of generational continuity through the systematic collection of the intangible cultural heritage of the Aktobe region Kazakhs.

The study aims to identify the contemporary significance and generational continuity of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region through its comprehensive inventory, scientific analysis, and systematization. It highlights the crucial role of individual bearers and local communities in preserving and transmitting this heritage, documents the experience of bearers, and introduces regional features into scientific circulation. During field research across settlements of the Aktobe region, samples of intangible cultural heritage were identified corresponding to 79 elements of the National Register of Intangible Cultural Heritage of the Republic of Kazakhstan and 14 elements of the UNESCO Representative List, with original materials documented at national and regional levels. The research employed methods of participant observation, interviewing, identification and recording of oral and material sources, and data processing.

A comprehensive regional register of intangible cultural heritage elements and their bearers was compiled for the first time, identifying several new elements recommended for inclusion in the National Register. Additionally, specific preparation techniques for region-specific traditional dishes were determined.

Keywords: Kazakhs of the Aktobe region, ethnographic expedition, intangible cultural heritage, inventory, millet (tary), breadmaking culture, heritage bearer, traditional food practices.

For citation: Maulet A., Nurdaulet P., Kamunov S. Inventory of the intangible cultural heritage of the Kazakhs of the Aktobe region: selected traditions of national cuisine // Madeni mura. 2026. №3 (114). pp. 220-237 (in Kaz.)
DOI: https://doi.org/10.47500/2026.v27.i3.15

Авторлар туралы мәлімет:
Маулет Ардаби, PhD, Қазақтың дәстүрлі мәдениеті бөлімінің жетекшісі, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0000-0002-7625-0407
Scopus Author ID: 57192094008
Нұрдаулет Пәкизат, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

ORCID: 0009-0005-2950-7926
Камунов Сержан Русланович, Қазақтың дәстүрлі мәдениеті бөлімінің кіші ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан.
ORCID: 0009-0005-4075-2850

Сведения об авторах:
Маулет Ардаби, PhD, руководитель отдела традиционной культуры казахов, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан.
ORCID: 0000-0002-7625-0407
Scopus Author ID: 57192094008
Нурдаулет Пакизат, докторант Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.
ORCID: 0009-0005-2950-7926
Камунов Сержан Русланович, младший научный сотрудник отдела традиционной культуры казахов, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан.
ORCID: 0009-0005-4075-2850

Information about the authors:
Maulet Ardabi, PhD, Head of the Department of Traditional Kazakh Culture, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0000-0002-7625-0407
Scopus Author ID: 57192094008
Nurdaulet Pakizat, Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0009-0005-2950-7926
Kamunov Serzhan Ruslanovich, Junior Researcher, Department of Traditional Kazakh Culture, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
ORCID: 0009-0005-4075-2850